

Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша
білім бөлімі Бозтал ауылының
жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательной школы
села Бозтал отдела образования
по Ерейментаускому району
управления образования
Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.04.2023

№ 62

**“Бозтал ауылының ЖОББМ” КММ - де
2022-2023 оқу жылын аяқтау және
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес және Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі №172 бұйрығы негізінде сондай - ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдырында 2022 -2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында “Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі” ММ - сінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 177 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
Мектепте:

I Оқу жылының аяқталуы мынадай мерзімдерде бекітілсін.

- 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2022 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
- 2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
- 3) 11(12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

II Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін.
9(10) сынып оқушыларына емтихан өткізу күндері:

- 1) қазақ / орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала , әңгіме , эссе) -2023 жылғы **2 маусым**
- 2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2023 жылғы **6 маусым:**

- 3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы **9 маусым;**

4) Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс) информатика) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы **13 маусым;**

11 (12)сынып білім алушылары үшін:

1) қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2023 жылғы **5 маусым ;**

2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан - 2023 жылғы **8 маусым;**

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -2023 жылғы **12 маусым;**

4) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілінен және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан - 2023 жылғы **15 маусым;**

5) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша, шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы **19 маусым;**

III. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер және пән мұғалімдері осы бұйрықтың, сондай -ақ “Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы “ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарна сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

IV. Бірлестік жетекшілері (Р.А. Кыздарбекова, А.С.Шайхудинова, А.Қолғанат) және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (Б.Қ.Абыкеева) бірлесіп 2022-2023 оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және мектептегі білім алушыларды қорытынды аттесттаудан өткізуді қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Қ.Абыкееваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Г.Т.Сергазинова